

Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалануға берілген рұқсатнамаларды есепке алу, сақтау, беру және пайдалану Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2718. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 81 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 81 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) б ұ й р ы ғ ы м е н

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 шілдедегі N 741 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережелерінің 8-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалануға берілген рұқсатнамаларды есепке алуды, сақтауды, беруді және пайдалануды реттеу мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалануға берілген рұқсатнамаларды есепке алу, сақтау, беру және пайдалану Ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасының орынбасары Н.Ә.Хадыркеевке жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Комитет Төрағасының

міндетін атқарушы

Қ а з а қ Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А Ш М О р м а н ж әне а ң ш ы л ы қ
ш а р у а ш ы л ы ғы к о м и т е т і н і ң
"Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
а у м а ғ ы н д а а ң а у л а у о б ь е к т і л е р і

болып табылатын жануарлар
түрлерін пайдалануға берілген
рұқсатнамаларды есепке алу,
сақтау, беру және пайдалану
Ережесін бекіту туралы"
2004 жылғы 28 қаңтардағы

№ 14 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау
объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін
пайдалану рұқсатнамаларын есепке алу, сақтау,
беру және пайдалану тәртібі туралы
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалану рұқсатнамаларын есепке алу, сақтау, беру және пайдалану Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 шілдедегі № 741 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесіне (бұдан әрі - Аң аулау ережесі) сәйкес әзірленді және аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін (бұдан әрі - жабайы жануарлар) пайдалану рұқсатнамаларын есепке алу, сақтау, беру және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Жабайы жануарларды аулау жабайы жануарлардың түрлерін пайдалануға берілетін рұқсатнамалар (бұдан әрі - Рұқсатнама) бойынша мына жерлерде:

1) аңшылық пайдаланушыларға бекітіп берілген аң аулайтын жерлерде;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен табиғат пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін заңды тұлға ретінде құқығы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында (бұдан әрі - ЕҚТА) жүзеге асырылады.

Бекітіп берілмеген аң аулайтын жерлердің жекелеген учаскелерінде және мемлекеттік табиғи қорықтарда аң аулауға ерекше жағдайларда осы Ережеде көзделген Рұқсатнамаларды бере отырып, облыстық атқарушы органдармен келісілген облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық басқармаларының (бұдан әрі - Облаубасқармалар) ұсыныстарының негізінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің (бұдан әрі - Комитет) шешімі бойынша рұқсат етіледі.

3. Рұқсатнама - табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін жабайы жануарларды табиғи ортасынан белгіленген мерзімде алуға құқық беретін белгіленген нысандағы құжат, оны жеке (бұдан әрі - аңшылар), заңды (бұдан әрі - аңшылық пайдаланушылар) тұлғаларға олар жануарлар дүниесін пайдаланудың төлемақысын енгізгеннен кейін Комитет пен Облаубасқармалар береді.

2. Рұқсатнамалардың түрлері мен нысандары

4. Рұқсатнамалардың мынадай түрлері белгіленеді:

1) Арнайы рұқсатнама:

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін - тұяқты жабайы жануарлар (бұлан, асыл тұқымды бұғы, сібір елігі, қабан, сібір тау ешкісі, тоқал бұғы) мен қоңыр аю аулауға беріледі - ашық көк түсті (1-қосымша); шетелді азаматтары үшін - жабайы жануарларды аулауға беріледі - ашық жасыл түсті (2-қосымша);

2) Марка - Қазақстан Республикасының азаматтары үшін - осы тармақтың 1-тармақшасының бірінші абзацында көрсетілгендерден басқа, жабайы жануарлардың түрлерін аулауға беріледі (3-қосымша).

5. Арнайы рұқсатнаманың А-4 форматты парақ түріндегі нысаны болады және негізгі бөліктен, қайтарылатын талоннан және түбіртектен тұрады, оны Комитет орталықтандырылған түрде, баспаханалық тәсілмен, бірнеше қорғаныш деңгейімен бір жыл қолдану мерзіміне жасайды. Бланктің әрбір бөлігінде баспаханалық тәсілмен нөмірлері және ірі цифрлармен қолданылу жылы қойылады.

6. Марканы Комитет орталықтандырылған түрде 17,5x23,5 мм өлшеммен, түбіртектен, баспаханалық тәсілмен, бірнеше қорғаныш деңгейімен жасайды. Онда жыл, жануардың бейнесі мен атауы, бір дарағының төлемақы ставкасы көрсетіледі. Марканың қолданылу мерзімін жолдама беру кезінде аңшылық пайдаланушы Аң аулау ережесімен белгіленген жабайы жануарларды аулау мерзіміне сәйкес белгілейді.

Марканы аңшылық пайдаланушы аңшыға аң аулау мақсатымен аңшылық шаруашылығында болуға құқық беретін жолдамаға желімдейді.

7. Бекітілмеген аң аулайтын жерлердің жекелеген учаскелерінде және мемлекеттік табиғи қорықтарда аң аулауды Комитеттің рұқсат еткен кезінде Марканы нысанын Облаубасқармалар белгілейтін аңшыға бекітілмеген аң аулайтын жерлерде және мемлекеттік табиғи қорықтарда болуға құқық беретін бланкіге олар желімдейді.

3. Рұқсатнамалар беру тәртібі

8. Рұқсатнамалар бланкілері қатаң есептілік құжаты болып табылады. Рұқсатнамалар беру туралы мәліметтер нөмірленген, тігілген, Комитеттің мөрі басылған арнайы журналға енгізіледі. Аталған журналды Комитет,

Облаубасқармалар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар үшін Арнайы рұқсатнамалар беру үшін бөлек (4-қосымша) және Маркалар беру үшін бөлек (5-қосымша) жүргізеді.

Рұқсатнамалар берудің арнайы журналын Комитет пен Облаубасқармалар 5 жыл бойы сақтайды.

9. Комитет Рұқсатнамалар бланкілерін Облаубасқармаларға олардың өтінімдерінің, сенімхаттарының негізінде және облыс бойынша, жабайы жануарлардың түрлері бойынша бекітілген лимитке сәйкес мөлшерде, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік азаматтар өткізілуін ескере отырып тапсыру құжатымен береді.

10. Облаубасқармалар алынған Рұқсатнамалар бланкілерін тіркейді, оларды есепке алуға, сақтауға, беруге және есебін жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаларды бұйрықпен тағайындайды.

11. Облаубасқармалар Рұқсатнамаларды аңшылық пайдаланушыларға бөлінген квотаға сәйкес олардың өтінімдері негізінде береді.

Аңшылық пайдаланушылардың Арнайы рұқсатнама алуға берген өтінімдерінде аңшылардың тізімдері, аңшылық билеттердің нөмірлері, әрбір аңшыға аулауға рұқсат етілген жабайы жануарлар дарактарының түрлері мен саны, жынысы, Арнайы рұқсатнаманың қолданылу мерзімі, аң аулау орыны, аң аулауды бақылайтын тұлға көрсетіледі.

Аңшылық пайдаланушылар алған Арнайы рұқсатнамалар аңшыларға беріледі.

12. Қазақстан Республикасының азаматтары үшін Арнайы рұқсатнаманың қолданылу мерзімі Аң аулау ережесіне сәйкес аң аулау мерзімдеріне тең мөлшерде, ал шетелдік азаматтары үшін - жасасқан шарт айқындайтын, көрсетілген мерзімдер шегінде белгіленеді.

13. Жабайы тұяқты жануарлар, қоңыр аю аулауға берілетін арнайы рұқсатнамалар әрбір даракқа беріледі.

Жабайы тұяқты жануарлар мен қоңыр аю аулауға бір Арнайы рұқсатнаманы бірнеше аңшыға, Қазақстан Республикасының азаматтарына бір мезгілде беруге (ұжымдық аң аулау) рұқсат етіледі, бұл ретте олардың тектері мен аңшылық билеттерінің нөмірлері Арнайы рұқсатнаманың ішкі бетіне жазылады. Аңшылар арасында топтың жетекшісі тағайындалады, оның тегі, аты және әкесінің аты Арнайы рұқсатнаманың сыртқы бетіне жазылады.

14. Маркаларды өткізуді аңшылық пайдаланушылар оларды жолдамаларға желімдеу және оларға аңшылық шаруашылығының атауы бар мөр немесе мөртабан басу арқылы жүзеге асырады, бұл ретте берілген Маркалардың түбіртектері берілетін жолдамалардың көшірмелеріне желімделеді.

Аңшылық пайдаланушылар жолдамаларының нысаны Облаубасқармалармен

к е л і с і л е д і .

Аңшылық пайдаланушының қорықшысы немесе ол болмаған кезде аңшы жолдаманың ішкі бетіне сатып алынған Маркаларға сәйкес нақты ауланған жануарлар туралы белгі қояды.

15. Арнайы рұқсатнаманың қайтарылатын талонын оның белгіленген қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде аңшы оны алған жерге міндетті түрде қайтарып беруі керек.

16. Рұқсатнамаларды басқа азаматтарға және заңды тұлғаларға беруге болмайды.

17. Жабайы жануарлар аулауға берілетін Рұқсатнамалардың барлық түрлерінің көшірмелері мен сыңар нұсқалары жарамсыз болып табылады.

4. Рұқсатнамаларды есепке алу, сақтау және оларды пайдалану жөніндегі есептілік

18. ЕҚТА және аңшылық пайдаланушылар Облаубасқармаға аң аулау маусымы аяқталғаннан кейін 20 күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар үшін жеке-жеке мына мәліметтерді көрсете отырып, алынған Рұқсатнамалардың пайдаланылуы туралы ж а з б а ш а тү р д е е с е п б е р е д і :

1) алынған Рұқсатнамалардың нөмірлері бойынша және жабайы жануарлардың әрбір түрі бойынша олардың саны;

2) жабайы жануарлардың әрбір түрі бойынша пайдаланылған Рұқсатнамалардың саны мен нәтижелері, ауланған аталықтардың, аналықтардың, жабайы жануарлардың бір жасқа дейінгі төлдерінің саны, аңшылық олжалардың көрсеткіштері, тұяқты жануарлар мен аюдың салмақ көрсеткіштері, жабайы жануарлардың ауланған орыны;

3) пайдаланылмаған Рұқсатнамалардың саны және олардың пайдаланылмауына түрткі болған себептер (Рұқсатнамалардың пайдаланылмаған бланкілері оларды берген мемлекеттік органға қайтарылады).

19. Облаубасқармалар Комитетке аң аулау маусымы аяқталғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей ұсынылып отырған нысан бойынша (6-қосымша) Рұқсатнамалар бойынша есептеме, ал Арнайы рұқсатнамалар бойынша шетелдіктер өткізген аң аулау нәтижелері бойынша аң аулау хаттамасының, олжа парағының және Арнайы рұқсатнаманың қайтарылатын талонының көшірмелері қоса тіркелген есептеме береді. Есептеме түсіндірме жазбамен тапсырылады.

2 0 . М ы н а л а р :

1) О б л а у б а с қ а р м а л а р д а :

Арнайы рұқсатнамалардың түбіртектері мен қайтарылатын талондары; ресімделген және пайдаланылмаған немесе ресімдеу кезінде бүлінген Арнайы рұқсатнамалардың бланкілері;

2) аңшылық пайдаланушыда:

Маркалардың желімделген түбіртектері бар жолдамалардың көшірмелері 3 жыл бойы сақталады.

21. Ресімделген және пайдаланылмаған, бүлінген Рұқсатнамалардың түбіртектері мен қайтарылатын талондарын есептен шығару немесе жою оларды сақтау мерзімі өткеннен кейін Облаубасқарма басшысы тағайындайтын комиссияның актісімен жүргізіледі.

Жабайы жануарлар аулауға берілген Рұқсатнамаларды есептен шығару (жою) есептемелері мен актілері үш жыл бойы сақталады.

Қазақстан Республикасының аумағында
аң аулау объектілері болып табылатын
жануарлар түрлерін пайдалануға
берілген рұқсатнамаларды есепке алу,
сақтау, беру және пайдалану Ережесіне
1-қосымша

Сатуға және басқаға беруге болмайды.

Көшірмесі жарамайды.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы Министрлігінің
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті

(Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы
басқармасының атауы)

АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ ТҮБІРШЕГІ N 000000

(арнайы рұқсатты берген ұйымда қалады)

Аңшыға _____ берілді
(тегі, аты, әкесінің аты)

Аңшылық билеті _____
(сериясы, нөмірі, шарттың жасалған күні)

Олжалауға _____
(жануарлардың түрлері, жынысы, саны)

Мақсаттарда _____
(әуесқойлық-спорттық, кәсіпшілік, олжалық аулау)

Қ о л д а н ы с м е р з і м і

_____ жылдың " _____ "
_____ жылдың " _____ " _____ дейін

Аңшылық орны _____
(аңш.шаруашылық, участок т.б.)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Жабайы жануарларды олжалауға төленген сома _____
_____ теңге

Берілген күні _____ жылғы " _____ "

Берілді _____
(беруге жауапты тұлғаның қолы)

Алдым _____
(аңшының қолы)

Кестенің жалғасы

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Ауыл шаруашылығы Министрлігінің
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті

(Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы
басқармасының атауы)

АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАТЫН ТАЛОНЫ
№ 0 0 0 0 0 0

(әрекет ету мерзімі өткен соң арнайы рұқсатты
берген ұйымға қайтарылады)

Аңшыға _____ берілді
(тегі, аты, әкесінің аты)

Аңшылық билеті _____
(сериясы, нөмірі, шарттың жасалған күні)

Олжалауға _____
(жануарлардың түрлері, жынысы, саны)

Мақсаттарда _____
(әуесқойлық-спорттық, кәсіпшілік, олжалық аулау)

Қ о л д а н ы с м е р з і м і
_____ жылдың " _____ "
_____ жылдың " _____ " _____ дейін

Аңшылық орны _____
(аңш.шаруашылық, участок т.б.)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Жабайы жануарларды олжалауға төленген сома _____
_____ теңге

Берілген күні _____ жылғы " _____ "

Берілді _____
(беруге жауапты тұлғаның қолы)

Кестенің жалғасы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
Министрлігінің Орман және аңшылық
шаруашылығы комитеті

(Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы
басқармасының атауы)

А Р Н А Й Ы Р Ұ Қ С А Т

№ 000000

Аңшыға _____ берілді
(тегі, аты, әкесінің аты)

Аңшылық билеті _____
(сериясы, нөмірі, шарттың жасалған күні)

Олжалауға _____
(жануарлардың түрлері, жынысы, саны)

Мақсаттарда _____
(әуесқойлық-спорттық, кәсіпшілік, олжалық аулау)

Қ о л д а н ы с м е р з і м і

_____ жылдың " _____ "
_____ жылдың " _____ " _____ дейін

Аңшылық орны _____
(аңш.шаруашылық, участок т.б.)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Жабайы жануарларды олжалауға төленген сома _____
_____ теңге

Берілген күні _____ жылғы " _____ "

М О

(облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы
басқармасы бастығының қолы)

Арнайы рұқсаттың аңшылық алапта көрсетілген мерзімде күші бар. Әрекет ету мерзімі өтісімен пайдаланылмаған арнайы рұқсат, он күндік мерзімде, КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАТЫН ТАЛОНЫМЕН арнайы рұқсатты берген ұйымға қайтарылады. Арнайы рұқсат пайдаланылған жағдайда (жануарды олжалау), белгіленген мерзімде, тек АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАТЫН ТАЛОНЫ олжалаудың нәтижесі белгісімен қайтарылады.

Пайдаланылмаған АРНАЙЫ РҰҚСАТ келесі мерзімге немесе аң аулау
ма у с ы м ы н а ұ з а р т ы л м а й д ы .

АРНАЙЫ РҰҚСАТ пайдаланылған жағдайда аңшының өз қолында қалады және пайдаланылғаны туралы белгісімен олжаны иеленуге құқығы бар құжат болып табылады.

А Р Н А Й Ы

Р Ұ Қ С А Т Т Ы

пайдалану туралы белгі

Аңшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ ЖЫЛҒЫ _____

" _____ "

олжалады _____

(жабайы жануардың түрі, жынысы, жасы, тұяқтылар
мен аюдың салмағы, олжаны бағалау)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

(қолы)

АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫ пайдалану туралы белгі

Аңшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ ЖЫЛҒЫ _____

_____ олжалады

(жабайы жануардың түрі, жынысы, жасы, тұяқтылар
мен аюдың салмағы, олжаны бағалау)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) (қолы)

Кәсіпшілік

аулаудың

нәтижесі:

(дана, жазбаша)

Олжалау күні |

Саны

| Барлық

| Аңшының

|

| олжаланғаны | қолы

|-----|

|

Ж и ы н ы

Тапсырылған аң терісінің саны _____ дана, сомасы _____ мың теңге
Дайындаушы ұйымның атауы _____

М. О. _____

(тері шикі затын қабылдаушының қолы)

Аңшы, кәсіпшілік аулау кезінде, аңдарды аулаудың мәліметтерін күн сайын аңшылық аяқталысымен толтырады.

Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдалануға берілген рұқсатнамаларды есепке алу, сақтау, беру және пайдалану Ережесіне 2-қосымша

Сатуға және басқаға беруге болмайды.

Көшірмесі жарамайды.

Қ а з а қ с т а н **Р е с п у б л и к а с ы**
Ауыл шаруашылығы **Министрлігінің**
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті
Шетел аңшылары үшін***

(Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасының атауы)

АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ ТҮБІРШЕГІ N 000000

(арнайы рұқсатты берген ұйымда қалады)

Аңшыға _____ берілді
(тегі, аты, әкесінің аты)

Аңшылық билеті _____
(сериясы, нөмірі, шарттың жасалған күні)

Олжалауға _____
(жануарлардың түрлері, жынысы, саны)

Мақсаттарда _____
(әуесқойлық-спорттық, кәсіпшілік, олжалық аулау)

Қ о л д а н ы с м е р з і м і
_____ жылдың " _____ "
_____ жылдың " _____ " _____ дейін

Аңшылық орны _____
(аңш.шаруашылық, участок т.б.)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Жабайы жануарларды олжалауға төленген сома _____
_____ теңге

Берілген күні _____ жылғы " _____ "

Берілді _____
(беруге жауапты тұлғаның қолы)

Алдым _____
(аңшының қолы)

Кестенің жалғасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы Министрлігінің
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті
Шетел аңшылары үшін***

_____ (Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы
басқармасының атауы)

АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАТЫН ТАЛОНЫ
N 0 0 0 0 0 0

(әрекет ету мерзімі өткен соң арнайы рұқсатты
берген ұйымға қайтарылады)

Аңшыға _____ берілді
(тегі, аты, әкесінің аты)

Аңшылық билеті _____
(сериясы, нөмірі, шарттың жасалған күні)

Олжалауға _____
(жануарлардың түрлері, жынысы, саны)

Мақсаттарда _____
(әуесқойлық-спорттық, кәсіпшілік, олжалық аулау)

Қ о л д а н ы с м е р з і м і
_____ жылдың " _____ "
_____ жылдың " _____ " _____ дейін

Аңшылық орны _____
(аңш.шаруашылық, участок т.б.)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Жабайы жануарларды олжалауға төленген сома _____
_____ теңге

Берілген күні _____ жылғы " _____ "

Берілді _____
(беруге жауапты тұлғаның қолы)

Кестенің жалғасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л шаруашылығы М и н и с т р л і г і н і ң
О р м а н ж әне аңшылық шаруашылығы комитеті
Шетел аңшылары үшін***

(Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы
басқармасының атауы)

А Р Н А Й Ы Р Ұ Қ С А Т

№ 000000

Аңшыға _____ берілді
(тегі, аты, әкесінің аты)

Аңшылық билеті _____
(сериясы, нөмірі, шарттың жасалған күні)

Олжалауға _____
(жануарлардың түрлері, жынысы, саны)

Мақсаттарда _____
(әуесқойлық-спорттық, кәсіпшілік, олжалық аулау)

Қ о л д а н ы с м е р з і м і
_____ жылдың " _____ "
_____ жылдың " _____ " _____ дейін

Аңшылық орны _____
(аңш. шаруашылық, участок т.б.)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Жабайы жануарларды олжалауға төленген сома _____
_____ теңге

Берілген күні _____ жылғы " _____ "

М О

(облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы
басқармасы бастығының қолы)

Арнайы рұқсаттың аңшылық алапта көрсетілген мерзімде күші бар. Әрекет ету мерзімі өтісімен пайдаланылмаған арнайы рұқсат, он күндік мерзімде, КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАТЫН ТАЛОНЫМЕН арнайы рұқсатты берген ұйымға қайтарылады. Арнайы рұқсат пайдаланылған жағдайда (жануарды олжалау), белгіленген мерзімде, тек АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАТЫН ТАЛОНЫ олжалаудың нәтижесі белгісімен қайтарылады.

Пайдаланылмаған АРНАЙЫ РҰҚСАТ келесі мерзімге немесе аң аулау
маусымына _____ ұзартылмайды.

АРНАЙЫ РҰҚСАТ пайдаланылған жағдайда аңшының өз қолында қалады және пайдаланылғаны туралы белгісімен олжаны иеленуге құқығы бар құжат болып табылады.

АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫ
пайдалану туралы белгі

Аңшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ жылғы _____
" _____ "

олжалады _____
(жабайы жануардың түрі, жынысы, жасы, тұяқтылар
мен аюдың салмағы, олжаны бағалау)

Аңшылықты бақылаушы тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

(қолы)

АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫ пайдалану туралы белгі

Аңшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

жылғы

олжалады

(жабайы жануардың түрі, жынысы, жасы, тұяқтылар мен аюдың салмағы, олжаны бағалау)

Аңшылықты бақылаушы тұлға

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) (қолы)

Кәсіпшілік

аулаудың

нәтижесі:

(дана, жазбаша)

Олжалау күні	Саны	Барлық	Аңшының
		олжаланғаны	қолы

аталығы	ұрғашысы	ұшары	

Ж и ы н ы

Тапсырылған аң терісінің саны _____ дана, сомасы _____ мың теңге
Дайындаушы ұйымның атауы _____

М. О. _____

(тері шикі затын қабылдаушының қолы)

Аңшы, кәсіпшілік аулау кезінде, аңдарды аулаудың мәліметтерін күн сайын аңшылық аяқталысымен толтырады.

ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы

№ 14 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында

аң аулау объектілері болып табылатын

жануарлар түрлерін пайдалануға

берілген рұқсатнамаларды есепке алу,

сақтау, беру және пайдалану Ережесіне
3-қосымша

Ескерту: Марка - Қазақстан Республикасының азаматтары үшін - Ереженің 4-тармағы 1-тармақшасының бірінші абзацында көрсетілгендерден басқа, жабайы жануарлардың түрлерін аулауға беріледі. *(үлгісін қағаз мәтіннен қараңыз)*

ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы
N 14 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының аумағында
аң аулау объектілері болып табылатын
жануарлар түрлерін пайдалануға
берілген рұқсатнамаларды есепке алу,
сақтау, беру және пайдалану Ережесіне
4-қосымша

**Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктер
үшін арнайы рұқсатнамалар беруді тіркеу журналы**

N	р/с	Ұйымның атауы	Алушының аты	Төлем	Сенім	Рұқсат	Аула	Ауланатын жануарлардың түрі
		(облау басқарма, аңшылық)	Т.А.Ж.	тының	үстеме	нөмірі	жан.	саны
				нөмірі	шығын			уардың
				мен	құжа.			түрі,
				беріл.	тының			оның
		ланушы)		ген	нөмірі			жынысы
				күні	мен бе.			немесе
					рілген			төлі
					күні			
1	2	3	4	5	6	7	8	

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Рұқсат. Аң аулау. Аң аулауды Азамат. Төлем | Берушінің | Алушының
наманың лауна. бақылайтын | тығы | сомасы | -----
қолда. | тын жер | тұлға | | | (теңге) | қолы
нылу | (аудан, | (Т.А.Ж) | | | | -----
мерзімі | учаске) | | | | |

Ескертпе. Журналдар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктер үшін жеке-жеке жүргізіледі

ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы

№ 14 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында
аң аулау объектілері болып табылатын

жануарлар түрлерін пайдалануға

берілген рұқсатнамаларды есепке алу,

сақтау, беру және пайдалану Ережесіне

5-қосымша

Маркалар беруді тіркеу журналы

№ р/с және Маркалар берілген күн	Ұйымның атауы (облау. басқарма, аңшылық пайда. ланушы)	Алу. шының Т.А.Ж.	Төлем құжатының нөмірі мен берілген күні	Марканың түрі	Бағасы	Маркалар саны
1	2	3	4	5	6	7

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Төлем сомасы (теңге)	Аң ауланатын жер (аудан, учаске)	Аң аулауды бақылайтын тұлға (Т.А.Ж)	Берушінің қолы	Алушының қолы
8	9	10	11	12

ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы
комитетінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы

№ 14 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында

аң аулау объектілері болып табылатын
жануарлар түрлерін пайдалануға
берілген рұқсатнамаларды есепке алу,
сақтау, беру және пайдалану Ережесіне
6-қосымша

**Қазақстан Республикасының азаматтары мен
шетелдіктердің 200__ жылы _____ облысының
аумағында жабайы жануарлар аулауға берілген
Рұқсатнамаларды пайдалануы туралы мәліметтер**

N	Жан.	Коми.	Рұқ.	Пайдала.	Рұқсат.	Бүлін.	Рұқсат.	Пайда.	Рұқ.
р/с	уар.	тетте сат.	нылған	намалар ген	намалар ланыл.	сат.			
	лар	алын. на.	Рұқсат.	бланкі. рұқ.	бланкі. маған	нама.			
	түр.	ған	ма.	намалар	лерінің сатна.	лерінің және	лар		
	лері	Рұқ.	лар	бланкі.	саны	малар	саны	Коми.	блан.
		сат.	саны лерінің	(дана)	блан.	(дана)	тетке	кіле.	
		нама. (да.	N		кіле.		қайта.	рі.	
	лар	на)			рінің		рылған	нің	
	блан.				N		Рұқсат.	саны	
	кіле.						намалар (да.		
	рінің						бланкі. на)		
		N					лерінің		
								N	

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін

1 .	А	с	ы	л	А	р	.
	т	ұ	.	н	а	й	ы
	қ	ы	м	д	р	ұ	қ
	б	ұ	ғ	ы	с	а	т
					н	а	м
					N		N

2. Қаз Марка
Т.б.

Шетелдіктер үшін

1 .	А	с	ы	л	А	р	.
	т	ұ	.	н	а	й	ы
	қ	ы	м	д	р	ұ	қ

Б Ұ Ғ Ы

с а т .

н а м а
N N

2 .

Қ а з

А р .

н а й ы
с а т .
н а м а
N N

Т . б .

Басқарма бастығы _____